

Өте жылдам қарқын – минутына 160-тан артық қимыл (жүгіру, жылдам би). [2]

Гимнастикада қолданылатын музыка жаттығумен айналысуға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, қимылды сапалы, нақты, дұрыс орындауға, икемділікке баулиды.

Ырғақтық гимнастика – музыкамен орындалатын физикалық жаттығулар кешені (жүру, жүгіру, секіру және т.б.). Ырғақтық гимнастика (аэробика деп те аталынады) сауықтыру мақсатында қолданылады. [3]

Баланың физикалық қабілеттерін жан-жақты дамыту, кәсіби қолданбалы физикалық дайындық тиімді еңбек іскерлігі үшін қажетті шарт болып табылады. Бүгінгі күні сауықтыру, дене шынықтыру және спорттық жұмыстың дәстүрлі әдістері мен түрлерін жетілдіріп, жаңаларын енгізу қажет. Адам денсаулығы үшін қимыл белсенділігінің қажеттілігі еш күмән тудырмайды. Өз денемен жұмыс жасау кезіндегі белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін, физикалық дамуды жетілдіру үшін әр түрлі құралдарды пайдалануға болады (жүгіру, велосипедпен жүру, жүзу, гимнастикалық жаттығулар, аэробика), тек жаттығу жұмыстары жүйелі түрде болуы керектігін естен шығармаған жөн.

#### Әдебиеттер:

1. Епифанов В.А. Лечебная физическая культура и спортивная медицина. Учебник М. Медицина 1999, 304 с.
2. Попов С.Н., Иванова Н.Л. К 75-летию кафедры лечебной физической культуры, массажа и реабилитации РГУФК/ Физкультура в профилактике, лечении и реабилитации № 3, 2003, С.5-7.
3. Матвеев Л.П., Теория и методика физической культуры: Учеб. Для институтов физической культуры. - М.: Физкультура и спорт, 1991.

### КӨРУ ҚАБІЛЕТТІ НАШАР ОҚУШЫЛАР МӘСЕЛЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Туганбекова К.М., Арбабаева А.Т., Әбдраманова С.Ф.

Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті

Көру – бұл адам мен жануарлардың күрделі нервті – рецепторлы жүйесін, көру анализаторлары арқылы іске асыратын оптикалық қабылдау. Көру арқылы адам қоршаған орта туралы көп мөлшерде хабарлар алады. Заттардың түсі, пішіні, үлкендігі, олардың бірігіп орналасуы және өзара арақашықтығын адам көру арқылы біледі.

Көру анализаторы, басқа анализаторлар сияқты үш негізгі бөлімнен тұрады: перифериялық (көз), өткізгіш (көру нерві, көру және қабық асты нервтің құрылымдары) және орталық (бас миы қабығының желке бөлігіндегі ми жасушалары). Берілген анализаторлардың қызметі қабылдаудың және көру талдауының түршігін қамтамасыз етеді. Көріп қабылдауға тән ерекшеліктер: дистанттік, шапшаңдық, қоршаған өмірге шолудың жинақтылығы және бір мезгілділігі. Көру анализаторының шеткі бөлімі, басқаша айтқанда, жарықты сезгіш рецепторлар бас сүйегінің ойығы - көз шарасына орналасқан көру мүшесінің немесе көздің ішінде болады. Оның сыртқы шетінде жас бездері болады. Олар көзді құрғап кетуден сақтандыратын сұйықтық бөліп шығарады. Көз алмасының қабырғасы үш - сыртқы, ортаңғы және ішкі қабықтан тұрады. Өте тығыз сыртқы қабық ақ қабық деп аталады, ол алдыңғы жағында мөлдір мүйізді қабыққа айналады. Ал қабықтың астыңғы жағында көптеген қан тамырлары торлап жатқан тамырлы қабық жатады. Оның түрі өзгерген алдыңғы бөлігі көз алмасының ішінде шеңбері білікше секілденіп шығып тұратын кірпікшелі денені, сондай – ақ мүйізді қабықтың сыртқы жағына орналасқан нұрлы (шатыраш) қабықты түзеді. Нұрлы қабықта көптеген пигменттер болады, көздің түсі осы пигменттерге байланысты. Бұл қабықтың ортасында дөңгелек тесік - қарашық болады. Жарық сәулелері қарашық арқылы көз ішіне өтеді.

Ішкі қабық тор қабық деп аталады. Оның тамырлары қабықпен шектесіп жатқан сыртқы қабаты пигмент клеткаларынан тұрады. Олардың астыңғы жағында жарық сезгіш рецепторлар, ал одан әрі - көптеген нерв жасушалары жатады. Тор қабықтың ең ішкі қабаты - бұл аксондары барлық тор қабықтан жинала келе, көру нервін түзетін нерв жасушалары.

Тор қабықтың көру нерві шығатын жері соқыр дақ деп аталады. Онда жарық сезгіш клеткалар мүлде болмайды. Сондықтан біз бейнесі соқыр даққа түскен заттарды көре алмаймыз. Соқыр дақты қарапайым тәжірибенің жәрдемімен анықтауға болады.

Көз алмасының ішіндегі нұрлы қабықтың маңында екі жағы да дөңес линзаға ұқсас мөлдір көз бұршағы болады. Көз бұршағыш жауып жатқан мөлдір қапшықтан оның бүкіл шетін бойлай

жұқа, бірақ өте серпімді талшықтар таралады. Өзінің екінші ұшы арқылы олар кірпікшелі дене керілген күйде ұстап тұрады. Серпімді талшықтарды кесіп, көз бұршағын бөліп алсақ, ол өзінің табиғи, шеңбер тәрізді пішініне келеді. Мүйізді қабық пен нұрлы қабық арасындағы, сондай - ақ нұрлы қабық пен көз бұршағы арасындағы кеңістік су тәрізді ылғал деп аталатын мөлдір сұйықтыққа толы болады. Көз бұршағының артқы жағындағы қуысты шыны тәрізді дене деп аталатын мөлдір қоймалжың зат толтырып тұрады.

Жарық сәулесі көздің оптикалық ортасы арқылы тор қабықтан өтіп оның сыртқы қабатына жетеді. Мұнда көру анализаторының рецепторлары болады. Бұлар ерекше жарық сезгіш клеткалар - таяқшалар мен колбочкалар. Жарықтың әсерімен таяқшалар мен колбочкаларда тітіркендіргіш ретінде әсер ететін химиялық реакциялар өтеді. Пайда болған импульстер тор қабықтың әрбір пунктінен үлкен ми сыңарлары қыртысының көру аймағындағы белгілі бір учаскеге келеді. Көздің өте ұсақ бөлшектерді ажырата білу қабілеті - көз өткірлігі деп аталады.

Кеңістікте бағдарлану бөлімі көру қабілеті нашар балалардың қоршаған өмірге бейімделуіне зор ықпал етеді. Көптеген педагог-зерттеушілердің тәжірибелерін оқи отыра-біз балаларға кеңістікте бағдарлану бөлімінің балаларды дұрыс оқыту әдістемелерінің міндеттерін шеше аламыз. Балаларда кеңістікті елестету түсінігін қалыптастыруда төмендегі зерттеуші-педагогтардың еңбектері зор.

Дүние жүзіне белгілі аса көрнекті көру қабілетіннен мүлде айрылған Василий Яковлевич Ерошенко 1889 жылдың 3 желтоқсанында дүниеге келіп 1952 жылдың 28 желтоқсанында қайтыс болған. Ерошенко төрт жасында ауыр сырқат салдарынан көру қабілетінен айрылған. Басына түскен қайғыға мойымай, Ерошенко балалық шағынан-ақ өз бетімен бағдарлануға жаттыға отырып, өз бойында нақтылық, сенімділік, батылдықты дамытады. Осындай қасиеттерінің арқысында ол өмірде көп жетістіктерге жетті. Атап айтар болсақ Ерошенко ағылшын, неміс, франсуз, латын, жапон, қытай, тай, эсперанто, түркімен, өзбек, украин, орыс және т.б. тілдерде сөйлеп оқи алған. Сонымен қатар, скрипка, фортепьяно, флейто, балалайка және гитарада ойнаған. Сондай-ақ орыс, жапон, қытай, тілдерінде шығармалар жазған. Жапондар В.Я. Ерошенконы өз халық әдебиетінің классигі деп есептеген.

Виктор Александрович Глебов (1930-1988) шаруа отбасында дүниеге келген. Оның балалық еркеліктері алты жасында кенеттен бақытсыз жағдайға ұшырап, көру қабілетінен айрылғаннан бастап үзілген. 1951 жылы В.А. Глебов мектепті алтын белгімен бітіріп, 1956 ж М.В. Ломоносов атындағы ММУ филология факультетін де үздік бітірген.

В.А. Глебов өзінің 30 жылғы журналистік еңбек жолын жандардың қызығушылықтары мен қиындықтарын, өмірдің адамның жанды жеріне тиетін тұстары жайлы, сондай-ақ 400-ге жуық очерк, әңгімелер, фильмдерді жарыққа шығарған. В.А. Глебов соқырлардың толыққанды өмір сүруі үшін тек жалпы білімділік қана емес сонымен қатар, үздіксіз және жан – жақты рухани бою үшін міндетті түрде рельефті-нүктелік жүйені білулері қажет екендігіне көзі жеткендігін мәлімдеген. В.А. Глебов ағаш жону шаруашылығымен әуестенген, сөйтіп ол Брайль шрифтімен хат жазуға өте ыңғайлы грифельді жасап шығарған. Сонымен қатар, В.А. Глебовтың ең бір жанына жақын нәрсенің бірі театр мен музыка болды. Ол дауысының кереметтігінің арқасында өз ортасында гитараның сүйемелдеуімен орыс өлеңдері мен романстарын айтты. В.А. Глебов «егер менің жұмысым жайлы, өмірімнің теңдігі мен мәні туралы айтар болсам, менің барлық жасаған жұмыстам мен жасаған істерім бір арнада тоғысады, ол көру қабілетінен айрылған жандарға өмірді тануға, өмірдің кереметтерін сезінуге және өмірдің қаншалықты керемет және әртүрлілігін тануға көмектесу.

Соқырмылқау Газенко Георгий Викторович (1942-1988) бала кезінен бастап-ақ ақпараттарды саусақтарын жай ғана өз анасының тамағына апатып оның дауыс ырғағы арқылы сезіне алу қабілетін меңгерген. Ол дүниеге келгеннен-ақ саңырау және нашар көретін болып туылған. Көру қабілеті барған сайын төмендеп оны оқуда қолдана алмады. Ал әжесі мен анасы жұмыс істей жүріп балысының саңырауларға арналған арнайы мектепті бітіріп шығуына көмектесті.

М.Е.Хвацев, Л.С.Волкованың жұмыстарында нашар көретін балалармен қандай жұмыстар жүргізу керек екендігі айтылған. З.Г.Ермолевич, С.Л.Жильцова, М.И.Земцова, Н.Е.Костючек, Н.А.Крылова мен Л.И.Солнцеваның зерттеулерінің негізінде нашар және мүлдем көрмейтін балалардың сөйлеу қабілетінің жетілуі көретіндікімен бірдей қарым-қатынас жасаудың арқасында жүзеге асатындығы анықталды. 60-70 жылдары жарық көрген жұмыстардың ішінде тифлопедагогикадағы үлкен қызығушылық тудырды (О.Л.Жильцова, С.Л.Коробко, Н.С.Костючек, Н.А.Крылова, Т.П.Свиридюк).

Өтегенов Сәкен Хайдарұлы. 1920 жылдың 1 қаңтарында бұрынғы Целиноград облысының Ленинск ауданының №1 Ауылдықкөнеcінде дүниеге келген.

1935 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, Петропавлдық зооветтехникумға түседі. Сөйтіп, мал дәрігері мамандығын алып шығады.

1939 жылы Сәкен Хайдарұлы ауылшаруашылық жұмысшыларын дайындайтын курста сабақ бере жүріп, мұғалімдік институттың сыртқы бөлімінде оқиды.

1940 жылыдың желтоқсанында Сәкен Хайдарұлы әскер қатарына шақырылады. Әскерде дивизиялық партиялық мектепті болады.

Соғыстың алғашқы еуінен бастап Сәкен Хайдаров ұрысқа қатысып, сонда й күндердің бірінде ол көру қабілетінен айрылады. Петропавл қаласына келіп емделгеннен кейін М.И. Калинин атындағы №5 мектепте тарих пәнінен сабақ береді.

1946 жылы Сәкен Хайдарұлы солтүстік Қазақстан облысының облысының Қазақ Соқырлар Қоғамы (ҚСҚ) басқармасының төрағасы болады. 1949 жылы ҚСҚ орталық басқармасының президумының төрағасының орынбасары болады. Ал 1950 жылдың қараша айынан бастап 1983 жыл дейін ҚСҚ орталық басқармасының президумының төрағасы болады. Ұлы Отан Соғысы жылдардағы жауынгерлік ерлігі үшін «I дәрежелі ҰОС ардагері» және т.б. көптеген медальдармен марапатталған. Сондай ақ Қазақ соқырлар қоғамындағы көп жылдық еңбек жолындағы ерен еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады.

Базиков Александр Александрович экономика ғылымдарының кандидаты, доцент. 1939 жылдың 1 қарашасында Алматы облысы бұрынғы Или Илинск ауданында дүниеге келген. 1946 жылдан 1956 дейін Илiske № 33 орта мектебінде оқыған. 1958 және 1963 жылдар аралығында бұрынғы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің экономика факультетінде оқиды. 1960 ж бақытсыз жағдай салдарынан көру қабілетінен айрылады.

1963-1980 жж А.А. Базиков Алматы ауылшаруашылық мұғалім, 1980 ж Алматы архитектура – құрылыс институтының политэкономика кафедрасының доценті болады.

1969 жылдан бастап ғылыми жұмыспен айналыса бастайды.

Ол ҚСҚ белсенді түрде араласады. Алматы ҚСҚ басқармасының мұғалімдер секциясының және студенттер кеңесінің интеллектуалдық еңбек жұмысшыларының төрағасы болады. ҚСҚ арнайы құрылысшы бюросында кеңес мүшесі болады.

Вялков Станислав Николаевич философия ғылымның кандидаты. 1938 ж 13 сәуірінде Ивановск облысының Бедиха Гороховецк аулында жауынгер дүниеге келген.

1946 – 1953 жж Мәскеуде оқыған. 1954 ж көру қабілетінен толығымен айрылуына байланысты оқуын Ярослав облысының Рыбинск қаласындағы соқырларға арналған жеті жылдық мектеп интернатында оқиды.

1962 – 1966 жылдары Шымкенттегі Әл-Фараби атындағы Мәдениет институтының филология тарих факультетінде оқи жүріп, музыка училищесінде вокаль бөлімінде дайындалды.

1966 – 1968 Шымкент қаласындағы жоғарғы оқу орындарында сабақ береді.

1970 жылы С.Н. Вялков ҚазМУ дың философия кафедрасының аспирантурасына тапсырады. Оны 1973 жылы бітіріп шығады. Өз өмірін жолында әртүрлі жан жақты мамандықтарды игере жүріп оның барлығының өзі сияқты тағдырлас нашар көретін жандарға да керек екендігін түсіндіру жолында көптеген жұмыстар атқарған.

Михайлюкова Зинаида Кузьминична. Тифлопедагог, педагогика ғылымдарының кандидаты.

1940 жылыдың 26 желтоқсанында Талдықорған қаласында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген. Бала жасынан көру қабілеті нашар.

1948 – 1959 жылдарда Алматыдағы соқыр және нашар көретін балаларға арналған арнайы бәлім беретін №4 Н. Островский атындағы мектеп интернатында білім алады.

1967 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінің кешкі бөлімін тәмәмдаған. Осыдан кейін өзі оқып бітірген №4 Н. Островский атындағы соқыр және нашар көретін балаларға арналған мектеп интернатының бастауыш сынып оқушыларына сабақ береді.

1967 – 1969 А.И. Герцен атындағы Ленинград мемлекеттік педагогикалық институтының дефектология факультетінің сырттай бөлімінде оқиды. 1969 – 1971 жылдарда З.К. Михайлюкова сол кездегі Кеңестік республикалық ғылыми академияда Мәскеу ғылыми зерттеу институтының дефектология факультетінің күндізгі бөлімінің аспиранты болады.

Өз өміріндегі еңбек жолын соқыр және нашар көретін жандарды оқытып, тәрбиелеуге арнайды. Осы мақсатта қалай оқытып тәрбие беру керектігі және да әртүрлі құралдырда қолдану керектігі жөнінде сондай ақ қалдықты көру қабілетін қалай сақтап қалау керек және оны әрі қай қалай дамыту жайындағы көптеген мақалаларды әртүрлі газет, журналдарға жазған.

Әміров Хұсайынбек Ахметұлы. 1903 ж 18 қаңтарында алматы қаласында саудагер отбасында дүниеге келген. 1940 ж көз жанарынан айрылады. Х. Әміров публицистика мен көркем әдебиет

саласында еңбек еткен. Көптеген очерктер, әңгімелер, поэмалар, өлеңдер мен нақыл сөздер авторы. 1964 жылдан бастап Кеңес Одағы журналистер одағының, 1980 жылдан Кеңес Одағы жазушылар одағының мүшесі.

Х.А. Әміров Қазақ соқырлар қоғамы жүйесінде жүргізілетін үгіт насихат және қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқан. Сондай ақ Хұсайынбек Ахметұлы Қарағанды қаласының құрметті азаматы.

Мұхамеджанов Қадылбек Мүтәләпұлы. 1938 ж 28 шілдесінде Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Шірік аяқ ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келеді. 1952 осындағы жеті жылдық орта мектепті бітіреді.

1960 – 1976 жылдары ауылда әртүрлі жұмыстарда болып, көру қабілетінің нашарлауына байланысты 1977 жылдан бастап Қазақ соқырлар қоғамы жүйесінде еңбек ете бастады. 1960 жылдан бастап өзінің алғашқы өлеңдерін жаза бастайды. Көптеген өлеңдердің авторы. Сонымен қатар, Қадылбек Мүтәләпұлы Қазақ соқырлар қоғамы Орталық басқармасы президиумының мақтау қағазымен марапатталған.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогика: Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения. - М.: ВЛАДОС, 2000. - 240 с.
2. Земцова М.И. Обучение и воспитание дошкольников с нарушениями зрения. - М.: Просвещение, 2000. - 160 с.
3. Наумов М.И. Обучение слепых пространственной ориентировке. – М. ВОС, 2001.
4. Незрячие деятели науки и культуры. Библиографический указатель. Т III. Вып. 1. Москва – 2000.

#### **НАРУШЕНИЯ РЕЧИ У ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ**

Туганбекова К.М., Арбабаева А.Т., Курманалинова Р.Б.  
Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Речь - ведущая форма общения и мышления, опосредованная языком. Готовность к школьному обучению включает определенный уровень речевого развития: правильное звукопроизношение, способность различать и дифференцировать акустические признаки звуков (звонкость и глухость, твердость и мягкость, шипящие-свистящие), достаточный для полноценного общения с окружающими, уровень сформированности словаря и грамматического строя, умение логично, связно строить высказывание, речевую активность.

В то же время у детей с ЗПР отмечаются нарушения всех указанных функций. Так, например, как указывает И.Ф. Марковская [1993], импрессивная речь у детей с ЗПР характеризуется недостаточной дифференцированностью речеслухового восприятия, неразличением смысла отдельных слов, тонких оттенков речи.

Экспрессивной речи этих детей свойственны нарушения звукопроизношения, бедности словарного запаса, недостаточная сформированность грамматического строя речи, наличие грамматических стереотипов, аграмматизмов, речевая инактивность [Н.Ю. Борякова, 1983; Р.Д. Триггер, 1987; Е.В. Мальцева, 1990].

Речь детей с ЗПР в целом развивается с отставанием от возрастной нормы и обладает рядом особенностей, куда входят:

- низкий уровень ориентировки в звуковой действительности речи;
- недостаточность произношения свистящих, шипящих звуков и звука «р», обусловленная вялостью артикулирования, приводящей к их неотчетливому звучанию, искажению (слабое осознание звукового строения слова);
- недостаточно сформированы фонематический слух и фонематическое восприятие - умственное действие по определению количества, последовательности, мест звуков [Л.Н. Блинова, 2001].

Во многих случаях картина речевых нарушений свидетельствует о наличии общего недоразвития речи, о задержке процесса речевого развития.

Для детей с ЗПР характерна недостаточность межанализаторного взаимодействия, т.е. они с трудом образуют слуходвигательные, зрительно-двигательные и слухозрительные связи. Поэтому им сложно установить соответствие между фонемой и графемой: они с трудом определяют связь между звуком и буквой, что значительно усложняет процесс обучения чтению и письму. Для них характерна